

Дәріс 11

Экономиалық өсу және нарық
экономикасының циклділігі

Макроэкономикалық тепе-теңдік түсінігі

Макроэкономикалық тепе-теңдік мәселесін шешу қоғамның барлық әр түрлі мүшелері арасында әр алуан тауарлар мен олардың теңдестіріліп таралуын құру үшін шектеулі өндірістік қорларды қолдану әдісін ғылыми негізделген таңдау арқылы қарастырады.

Теңдестік бұл жерде мынадай пропорционалды жиынтықтарды көрсетеді:

- а) өндіріс пен тұтыну;
- б) қорлар мен олардың қолданылуы;
- в) сұраныс пен ұсыныс;
- г) өндірістің факторлары мен олардың нәтижелері;
- д) материалдық-заттай және қаржылық қорлар.

Тепе-теңдік нарығы жартылай, жалпы және нақты болып бөлінеді.

Жартылай тепе-теңдік — бұл жеке тауарлы нарықтағы тепе теңдікті білдіреді.

Жалпы тепе теңдік — бұл еркін бәсеке заңы негізінде тұрғызылған барлық нарықтық үрдістер арқылы қалыптасқан біртұтас өзара байланысқан жүйе ретіндегі тепе-теңдік.

Нақты макроэкономикалық тепе-теңдік — бұл нарықтағы жетілмеген бәсекелестік жағдайында және нарыққа сыртқы фактордың ықпалы болғанда қалыптастырылатын тепе-теңдік.

Ұлттық экономика ауқымында тұтыну мен жинақтаудың кейнсшілдік талдауы.

Кейнс теориясындағы барлық кіріс тұтыну мен жинаққа таратылады. Бұл жағдайда тұтыну халық өздеріне қажетті заттарды бөлу үшін және де қолайлы жағдайлар жасауға шығындаған ақша болып саналады. Тұтынушылықтағы басымдылық әр мемлекетте әр түрлі. Бір отбасы үшін шығындалған қаражаттарды ортақ топтарға бөліп тастауымыз мүмкін. Олар: тамақтану, киім-кешек, мекен-жай, көлік, медицина, білім алу.

Әр елдің тұтытудағы басымдылығы бірнеше факторларға байланысты:

1. Жанұяның табыс деңгейіне байланысты.
2. Тұтынылған заттардың тегін немесе ақылы болуы.
3. Нарықтың тауарлармен мол қамтамасыз етілуі.
4. «Мәртебелі тауарларды» халықтың түсіну мүмкіншілігі және т.б.

Тұтыну мен пайданың байланыстылығы тұтыну функциясы арқылы тұтынушы шығындарының әр қайсысына бар пайданың жеке-жеке жоспарланған және ынталанған деңгейін есептеп білу.

Тұтыну мен жинаққа мыналар әсер етеді:

1. Экономикалық жай-күйдің тұрақты болмауы және инфляцияның болуы. Бұлар тұтынуды арттырып, жинақтың азаюына әкеледі.
2. Салық өсуінің негізінде тұтыну мен жинақтың қысқаруы мүмкін.
3. Бағаның өсуі тұтыну мен жинақтың қысқаруына әкеледі.
4. Әлеуметтік сақтандырудағы бөлектеудің өсуі жинақтың қысқаруына ықпал етеді.
5. Тұтынудың өсуіне талан-тараждық сұраныстың туындауы үлкен әсер етеді.
6. Нарықта ұсыныстардың көбеюі жинақтың қысқаруына әкеледі.
7. Кірістің өсуі тұтыну мен жинақтаудың өсуіне әкеледі.

Инвестиция және жинақтау: тепе-теңдік мәселелері.

Жинақ дегеніміз ағымдағы өндірістік және тұтынушылық мұқтаждықтарға жұмсалмаған қолданымдағы табыстың бір бөлігінің жинағы. Экономистер жинақтарды инвестициялаумен байланысты экономикалық үдеріс ретінде қарастырады.

Жинақтарды фирмалар да, үй шаруашылығы да жасайды. Фирмалар инвестициялауды өндірісті кеңейту және табысты ұлғайту үшін жинақтайды.

Инвестициялар дегеніміз жаңа технологияларды, материалдарды және басқа да еңбек құралдары мен заттарды енгізуге байланысты өндірісті кеңейту және жаңарту мақсатында жасалады.

Инвестиция көздері:

1. Кәсіпорын қаражаты (өзіндік және қарызға алынған).
2. Мемлекеттік капиталдық инвестициялар.

Инвестициялар мөлшері мен динамикасы үш факторға жіктеледі: кәсіпорындық табыстар мен шығындарға және күтулерге байланысты.

Көптеген жылдар бойы өтелетін қаражаттар инвестициясы туралы мәселені шешкенде келесі шарттарды есепке алу керек:

1. Жаңа инвестициялар есебінен алынған жаңа өнімдерге сұраныстың өзгеруі.
2. Инвестициялар шығындарына әсер ететін пайыздық бағамдар мен салықтар мөлшерлері.
3. Сұраныс ауытқуларын анықтайтын саяси, технологиялық және құрылымдық өзгерістер.
4. Қоғамдағы инфляциялық үрдістер.

Инвестиция - фирманың негізгі капиталын (зауыттар мен машиналар), сондай-ақ тауар қорын ұлғайтуға жұмсайтын шығындары. Инвестиция мөлшері күтілетін пайда нормасы мен пайыз қойылымына тәуелді болады. Сондай-ақ, инвестициялық сұранысқа құрал-жабдықтарды және негізгі капиталды сатып алуға жұмсалатын шығындар, бизнес салығы, ғылыми-техникалық прогрестің жеделдеуі әсер етеді.

Негізгі қорларға салынатын инвестициялар пайыз бағамын төмендеткен кезде көтеріледі, ал төменгі пайыздың бағамы капитал бірлігіне қатысты шығындарды азайтады, сондықтан капиталды иемденуді көбірек ұтымды етеді. Жалпы және таза инвестициялар түрі болады. **Жалпы инвестиция** - арнайы кәсіпорынға ақшалай қаражатты салу. Жалпы инвестициядан өтелімді (амортизацияны) алып тастаса - **таза инвестиция** қалады.

Мультипликатор нәтижесі. Туынды инвестициялар және акселератор. Үнемділік парадоксы.

Макроэкономиканың атқаратын шаралары туралы Кейнстік түсінік «мультипликациялық» тиімділік теориясында орын алды. Кейнс теориясында мультипликатор дегеніміз инвестиция өзгерісінен табыстар өзгерісінің тәуелділігін көрсететін коэффициент.

Экономика тепе-теңдік күйге жеткендегі ЖІӨ-нің оңтайлы көлемін анықтайтын Кейнстік теория инвестиция өскенде, ЖІӨ бастапқы қосымша инвестицияға қарағанда әлдеқайда үлкен көлемде өсетіндігін көрсетеді. Ол инвестициялардың мультипликациялық (өспелі) әсерге жеткізетіндігінен шығады. Алғашқы әсерден басқа, екінші, үшінші және т.б. әсерлер құбылысы пайда болады. Бір саладағы шығындар басқаларындағы өндірісті кеңейтіп, жұмыспен қамтылуды көбейтеді. ЖІӨ көлеміндегі осындай өспелі көбейткіш әсер мультипликациялық әсер деп аталады.

- .

Мультипликатор инвестиция көлемі үлғайғандағы ЖІӨ-нің өсу шамасын көрсететін сандық коэффициентті білдіреді. Ол ЖІӨ өсімнің инвестиция өсіміне қатынасы арқылы анықталады.

Фирмалар тарапынан инвестицияның өсуі ЖІӨ көлемі мен халықтың жұмыс бастылығына тікелей әсер етеді. Кейнстік теория бойынша инвестиция өскен кезде ЖІӨ алғашқы қосымша инвестициядан да көп мөлшерде көбейеді. Бұл мультипликациялық әсер арқылы жүзеге асады. **Инвестиция мультипликаторы** табыстың өсуі инвестицияның өсуінен артық болатындығын көрсететін сандық коэффициент:

$$M = Y / I$$

Мультипликатор - жинақтауға шекті бейімділік көрсеткішіне кері шама:

$$M = 1 / MPS$$

MPC + MPS = 1 ал, **MPS = 1 – MPC** болатындықтан мультипликатор формуласы келесідей болады:

$$M = 1 / (1 - MPC)$$

Мультипликациялық әсер нәтижесінде іскерлік белсенділіктің жандануы әртүрлі кәсіпкер топтарының инвестициялауға бейімділігінің және сәйкесінше инвестицияның артуына алып келеді. Экономикалық жандану нәтижесінде болатын капитал салымының өсімі **жанама инвестиция** деп аталады. Ал, **жанама инвестицияны** игеру нәтижесінде болатын экономикалық өсу **акселератор әсері** деп аталады. Бұл үрдістер екі жақты болатындығын айта кеткен жөн.

Экономикалық цикл және оның құрылымы

- Өнеркәсіптік немесе экономикалық циклдер теориясын зерттеуде К.Маркс едәір үлес қосты. Оның әлсін-әлсін болып, қайталанып тұратын дағдарыстар туралы ілімі экономикалық циклділікті зерттеудің негізін құрайды. К.Маркс циклдің фазаларына анықтама берді және әр фазасына ғылыми талдау жасады. Бүгін сол анықтамаларды барлық экономикалық мектептердің өкілдері өздерінің зерттеулерінде кеңінен қолдануда.
- Бір дағдарыстан екінші дағдарысқа дейінгі кезеңді К. Маркс өнеркәсіп циклі деп атады. Ол төрт фазадан тұрады: дағдарыс (I), тоқырау (II), жандану (III), өрлеу (IV).

Туынды инвестициялар және акселератор.

Классикалық мектеп логикасы бойынша жинақтарға деген үлкен талпыныс ұлттың гүлденуіне алып келеді. Оның Кейнс мектебінің көзқарастарынан айырмашылығы үлкен. Кейнске жүгінсек, дамудың жоғары деңгейіне жеткен елдерде, үнемі жинақтауға деген талпыныс инвестиция салуға деген талпыныстан асып түседі. Оның екі жақты себептері болады:

1. Капиталды жинау деңгейі өскен сайын, жоғары түсімді капитал салымдарының баламалы мүмкіндіктерінің шеңбері қысқаратындықтан, оның әрекет етуінің шектік тиімділігі төмендейді.

2. Табыстың өсуіне байланысты жинақ мөлшері арта түседі. Осыған байланысты Кейнс автономды және туынды инвестициялар категорияларын қарастырады.

Автономды инвестициялар - ұлттық табыс көлемі мен динамикасына тәуелсіз капиталдық салымдар. Олар бастапқы «инъекциялар» ретінде жүзеге асырылады және мультипликатор әсерінен кейін ұлттық табыстың өсуіне алып келеді.

Іскерлік әрекеттің жақсаруы, жұмыспен қамтудың көбеюі түрлі кәсіпкерлер топтарының инвестиция жасауларына алып келеді. Бұл инвестициялар туынды деп аталады. Олар ұлттық табыс динамикасына тәуелді.

Акселератор – таза инвестиция (жалпы инвестициядан алмастыруға жұмсалған инвестицияны шегергендегі) көлемінің ұлттық табыс өзгерісі қарқынына қатынасы. Тұтыну заттарына деген сұраныс машиналар мен жабдықтарға деген сұраныстың бірнеше мәртеге өсуіне алып келетін жалғаспалы реакцияны туғызады. Бұл заңдылық акселератор нәтижесі деп сипатталады (акселератор — жылдамдатушы).

«Үнемділік парадоксы»

Егер экономика кейінстік, яғни толық жұмыспен қамтылмаған дағдарыс жағдайында болса, онда мүмкін болатын экономикалық қауіптен сақтану ретінде жинақтауға шекті бейімділік артады да, ағымдағы тұтыну қысқарады. Тұтыну үшін сұраныстың ауқымды қысқаруына байланысты өндірушілер қоймада жинақталған өнімін қажетті көлемде өткізе алмайды. Тауарлардың қоймада тұрып қалуы өндірістің қысқаруына, жұмысшылардың жұмыстан босатылуына және соның нәтижесінде ЖІӨ мен көптеген әлеуметтік топтар табысының төменденуіне әкеп соғады. Олай болса, ұлттық экономика деңгейінде жинақтауға ұмтылу өндірісті төмендетеді. Бұл құбылыс **«үнемділік парадоксы»** деп аталады.

«Үнемділік парадоксы» саналы іс-әрекеттің жоспарланбаған нәтижесі ретінде экономикалық құлдырау және толық жұмыспен қамту болмайтын белгілі бір нақты жағдайда ғана болады. Кез-келген экономикалық әсер мультипликатор жағдайындағы сияқты экономикалық жүйенің тек белгілі бір жағдайының шеңберінде болады.

Макроэкономикалық тепе – теңдікті анықтау үшін жиынтық сұраныс және жиынтық ұсыныс ұғымдары қолданылады.

Жиынтық сұраныс дегеніміз – ақшаға шағылған өндірілген ұлттық өнімнің нақты көлемін тұтынушының, кәсіпорынның және мемлекеттің кез келген баға деңгейінде сатып алуы. Жиынтық сұраныс (AD) – тауар нарығында ұсынылған соңғы тауарға және қызметке деген барлық сұраныс қосындысын көрсетеді.

$$AD = C + I + G + E$$

Мұндағы:

C – тұтыну яғни, үй шаруашылықтарының сұранысы;

I – инвестиция, яғни, кәсіпкерлердің күрделі жабдықтарға сұранысы;

G - мемлекеттің сатып алуы, яғни тауарлар мен қызметке деген мемлекеттік сұраныс.

E - таза экспорт, яғни, отандық тауарларға шетелдіктердің сұранысы мен шет ел тауарларына отандастардың сұранысының айырмасы.

Жиынтық ұсыныс – бұл әр түрлі баға деңгейінде ұсынылуы мүмкін тауарлар мен қызметтің жалпы саны, яғни кез-келген баға деңгейіндегі нақты өндіріс көлемі деңгейін көрсететін үлгі. Жиынтық ұсыныс (AS) – жалпы ұлттық өнімге немесе ұлттық табыс көлеміне тең.

$$AS = ЖҰӨ \text{ немесе } AS = ҰТ,$$

демек $AS = \text{жалақы} + \text{рента} + \text{пайыз} + \text{пайда}$

Жиынтық ұсынысқа да бағалық және бағадан тыс факторлар әсер етеді.

Бағалық факторларға өндіріс технологиясы мен шығындар (еңбек пен капитал) жатады. Ал бағалық емес факторларға:

- өндірістік ресурстар бағасы;
- нарықтың құрлымы;
- өнімділік;
- құқықтық нормалардың
- өзгеруі жатады.

Егер жиынтық сұраныс жиынтық ұсынысқа тең болса тауар нарығында тепе-теңдік орнайды.

Жиынтық ұсыныс — әрбір бағаның мүмкін болатын деңгейінде өндірістің нақты, яғни қолдағы бар көлеміне тең экономикалық агрегат. Жиынтық ұсыныстың үлгісі суретте бағамен ұлттық өнім көлемінің арасындағы тура байланысты көрсететін қисық түрінде берілуі мүмкін.

Жиынтық сұранысты экономиканың секторларына сәйкес бөлу мына құрылымы бойынша анықталады:

1. Үй шаруашылықтарының жиынтық сұранысы (немесе тұтыну (C- consumption)).
2. Кәсіпкерлердің капиталды құрал-жабдықтарына деген сұранысы (немесе инвестиция (I- investment)).
3. Мемлекеттің тауарлар мен қызметтерге деген сұранысы (немесе мемлекеттің заңымен- (G-government)).
4. Шетел азаматтарының отандық тауарларға деген сұранысы мен отандық азаматтардың шетел тауарларына деген сұранысының арасындағы айырмашылығы арқылы (немесе таза экспорт (E-export)).